

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2018 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

АЛМАТЫ 2018ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

ОСЫ ШОЛУДЫҢ МАҚСАТЫ

Осы шолу Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының даму динамикасын және елдегі экономикалық жай-күйіне әсерін көрсетуге бағытталған.

СИПАТТАМА

Шолу сақтандыру секторының көрсеткіштеріндегі негізгі өзгерістерді көрсететін кестелер мен графиктер, сондай-ақ сипаттамалық бөлігі түрінде берілген:

- Активтердің құрылымын сипаттау;
- Міндеттемелердің құрылымын сипаттау;
- Сақтандыру сыйлықтарының құрылымын сипаттау;
- Сақтандыру төлемдерінің құрылымын сипаттау;
- Қайта сақтандыру қызметін сипаттау;
- ҚР сақтандыру секторының пруденциялық нормативтерін орындауын сипаттау;
- Сақтандыру секторының кірістілігін сипаттау;

Көлемі: 13 бет

Кесте саны: 10

График саны: 9

Кезеңділігі: ай сайынғы жаңарту

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----------|
| 01.07.2018ж. ҚР сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері | 4 |
| I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ | 6 |
| 1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы | 6 |
| II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ | 6 |
| 2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы | 6 |
| III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ | 7 |
| 3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы | 7 |
| 1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы | 7 |
| IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ | 8 |
| 2-график. ҚР сақтандыру секторының балансы бойынша меншікті капиталының құрылымы | 8 |
| V. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ | 8 |
| 4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі | 8 |
| 3-график. Тоқсан үшін сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы | 9 |
| 5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі | 9 |
| 4-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы | 9 |
| 5-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, % | 10 |
| 6-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, % | 10 |
| VI. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ | 10 |
| 6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы және қайта сақтандырушының өтемдері | 10 |
| 7-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, % | 10 |
| VII. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ | 11 |
| 7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы | 11 |
| 8-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы | 11 |
| 9-график. Сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына арақатысы | 12 |
| VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ | 12 |
| 8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары | 12 |
| IX. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУЫ | 13 |
| 9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері | 13 |
| 10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, % | 13 |
| X. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ | 13 |

01.07.2018ж. ҚР сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

Сақтандыру секторы 32 сақтандыру ұйымымен көрінеді, оның ішінде 7 – өмірді сақтандыру бойынша.

Активтер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының **активтері** 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 993 164 млн. теңге (2018 жылдың басында – 926 349 млн. теңге), 2018 жылдың басынан артуы – 7,2%.

Активтердің құрылымында ең үлкен үлесін (жиынтық активтердің 47,4%) 470 725 млн.теңге сомасындағы **бағалы қағаздар** (2018 жылдың басында – 424 820 млн.теңге), 2018 жылдың басынан артуы – 4,2%.

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған **салымдар** жиынтық активтердің 21,9 % үлесімен 217 102 млн.теңге болады (2018 жылдың басында – 208 348 млн.теңге немесе жиынтық активтердің 22,5%), 2018 жылдың басынан артуы – 4,2%.

Қайта сақтандыру активтері 112 599 млн.теңге болады жиынтық активтердің үлесі 11,3% (2018 жылдың басында – 110 543 млн. теңге немесе жиынтық активтердің 11,9%), 2018 жылдың басынан артуы – 1,9%.

Міндеттемелер және резервтер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша **міндеттемелері** 556 783 млн. теңге (2018 жылдың басында – 515 186 млн. теңге), 2018 жылдың басынан артуы – 8,1%.

Міндеттемелердің құрылымында ең үлкен үлесті (жиынтық міндеттемелердің 88,3%) 491 849 млн. теңге сомасындағы **сақтандыру резервтері** иеленеді (2018 жылдың басында – 462 619 млн. теңге), 2018 жылдың басынан артуы – 6,3%.

Сақтандыру сыйлықақылары

Сақтандыру сыйлықақыларының 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша көлемі 2017 жылғы 1 шілдедегі осыған ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 3,73%-ға артылған және 212 063 млн. теңге болды, олардың тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі – 187 281 млн. теңге.

Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі үлесі ерікті мүліктік сақтандыру (сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 96 458 млн. теңге немесе 45,5%).

Міндетті сақтандыру бойынша 54 632 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 25,8%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 60 974 млн. теңге немесе 28,8%.

"Өмірді сақтандыру" саласы:

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша 2018 жылдың басынан да жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 35 601 млн. теңге, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9,92%-ға көп. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні 16,8%, 2017 жылғы 1 шілдеде 15,8% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы:

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2018 жылдың басынан да жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 176 462 млн. теңге, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,56%-ға көп.

Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 60 345 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 28,5%-ы болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 83,4% қайта сақтандыруға берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 24 782 млн. теңге болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының

бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 14 691 млн. теңге болды.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған тәуекелдер бойынша өтем 4 706 млн. теңге немесе қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 7,8%-ы болды.

Сақтандыру төлемдері

2018 жылдың басынан жүргізілген **сақтандыру төлемдерінің** жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 37 639 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,3%-ға аз.

2018 жылдың басынан жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасының ең үлкен үлесін ерікті жеке сақтандыру – 42,6%, міндетті сақтандыру – 38,9% және ерікті мүліктік сақтандыру –18,6% құрайды.

Меншікті капитал жеткіліктігі

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының **төлем қабілеттілігінің нақты маржасы** 345 413 млн. теңге (2018 жылдың басында – 321 258 млн. теңге) мөлшерінде қалыптасқан, 2018 жылдың басынан артуы – 7,5%. Сақтандыру секторының төлем қабілеттілігінің нақты маржасының жеткіліктік нормативі 4,91 (2018 жылдың басында – 5,46) құрайды.

Өтімділігі жоғары активтер 703 512 млн. теңге немесе активтердің 70,8 % (2018 жылдың басында – 657 782 млн. теңге), 2018 жылдың басынан артуы – 7,0%.

Сақтандыру секторының кірістілігі

2018 жылы сақтандыру секторының таза пайдасы 44 471 млн. теңге құрады, ол өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 76,2%-ға көп.

Жиынтық активтер бойынша таза пайдасының арақатысы (ROA) 8,1% болды.

Баланс бойынша меншікті капиталға таза пайдасының арақатысы (ROE) 18,3% болды.

Макроэкономикалық көрсеткіштер

Сақтандыру секторы активтерінің ЖІӨ үлесі 1,92% болады;

Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ үлесі – 0,41%;

Сақтандыру сыйлықақыларының адам басына шаққандағы арақатысы – 11 605,7 теңге.

Шоғырландыру

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық активтеріндегі үлесі 77,1%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық меншікті капиталындағы үлесі 78,1%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы үлесі 66,3%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық сақтандыру төлемдеріндегі үлесі 60,5%.

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

| Сақтандыру секторының құрылымы | 01.07.2017 | 01.07.2018 |
|--|------------|------------|
| Сақтандыру ұйымдарының саны | 32 | 32 |
| <i>оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша</i> | 7 | 7 |
| Сақтандыру брокерлерінің саны | 15 | 15 |
| Актуарийлердің саны | 60 | 57 |
| «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны | 22 | 21 |
| ҚР бейрезиденті сақтандыру ұйымдары өкілдерінің саны | 3 | 3 |

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ

2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

| Көрсеткіштің атауы/күн | 01.01.2018* | | 01.07.2018 | | Жылдың басынан өзгерістері, %-бен |
|---|----------------|--------------------|----------------|--------------------|-----------------------------------|
| | млн. теңге | жиын-тығында %-бен | млн. теңге | жиын-тығында %-бен | |
| Ақша | 42 068 | 4,5 | 43 569 | 4,4 | 3,6 |
| Орналастырылған салымдар | 208 348 | 22,5 | 217 102 | 21,9 | 4,2 |
| Бағалы қағаздар | 424 820 | 45,9 | 470 725 | 47,4 | 10,8 |
| "Кері РЕПО" операциясы | 52 891 | 5,7 | 49 539 | 5,0 | -6,3 |
| Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары | 31 436 | 3,4 | 43 554 | 4,4 | 38,5 |
| Негізгі қаражат | 18 621 | 2,0 | 16 804 | 1,7 | -9,8 |
| Қайта сақтандыру активтері | 110 543 | 11,9 | 112 599 | 11,3 | 1,9 |
| Өзге дебиторлық берешек | 12 243 | 1,3 | 12 503 | 1,3 | 2,1 |
| Басқа активтер | 25 379 | 2,7 | 26 770 | 2,7 | 5,5 |
| Активтердің барлығы | 926 349 | 100 | 993 164 | 100 | 7,2 |

*сомасы аудиттелген деректер бойынша көрсетілген

III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ


3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

| Көрсеткіштің атауы/күн | 01.01.2018* | | 01.07.2018 | | Жылдың басынан өзгерістері, %-бен |
|---|----------------|-------------------|----------------|-------------------|-----------------------------------|
| | млн. теңге | жиынтығында %-бен | млн. теңге | жиынтығында %-бен | |
| Сақтандыру резервтері, оның ішінде: | 462 619 | 89,8 | 491 849 | 88,3 | 6,3 |
| <i>Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервтері</i> | 133 408 | 25,9 | 157 046 | 28,2 | 17,7 |
| <i>Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві</i> | 13 962 | 2,7 | 15 094 | 2,7 | 8,1 |
| <i>Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві</i> | 157 368 | 30,5 | 168 040 | 30,2 | 6,8 |
| <i>Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві</i> | 57 541 | 11,2 | 55 304 | 9,9 | -3,9 |
| <i>Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві</i> | 100 340 | 19,5 | 96 364 | 17,3 | -4,0 |
| Алынған қарыздар | 277 | 0,1 | 291 | 0,1 | 5,2 |
| Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу | 14 808 | 2,9 | 26 648 | 4,8 | 80,0 |
| Сақтандыру (қайта сақт.) қызметі бойынша делдалд. есеп айырысу | 3 073 | 0,6 | 4 117 | 0,7 | 34,0 |
| Сақтандыру (қайта сақт.) шарттары бойынша төленетін шоттар | 1 936 | 0,4 | 2 493 | 0,4 | 28,8 |
| Басқа кредиторлық берешек | 4 397 | 0,9 | 4 235 | 0,8 | -3,7 |
| Басқа міндеттемелер | 28 076 | 5,4 | 27 152 | 4,9 | -3,3 |
| Міндеттемелердің барлығы | 515 186 | 100,0 | 556 783 | 100,0 | 8,1 |

*сомасы аудиттелген деректер бойынша көрсетілген


1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы

млрд. теңге



IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ

2-график. ҚР сақтандыру секторының балансы бойынша меншікті капиталының құрылымы



V. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ


4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

| Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі | 01.07.2017 | | 01.07.2018 | | Өзгер., %-бен |
|---|----------------|-------------------|----------------|-------------------|---------------|
| | млн. теңге | жиынтығында %-бен | млн. теңге | жиынтығында %-бен | |
| Барлығы, оның ішінде: | 204 439 | 100,0 | 212 063 | 100,0 | 3,73 |
| Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде: | 45 729 | 22,4 | 54 632 | 25,8 | 19,47 |
| көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі | 24 536 | 12,0 | 31 627 | 14,9 | 28,90 |
| қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру | 18 782 | 9,2 | 20 411 | 9,6 | 8,67 |
| тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі | 1 005 | 0,5 | 1 223 | 0,6 | 21,62 |
| міндетті сақтандырудың өзге сыныптары | 1 405 | 0,7 | 1 371 | 0,6 | -2,46 |
| Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде: | 53 496 | 26,2 | 60 974 | 28,8 | 13,98 |
| ауырған жағдайлардан сақтандыру | 16 281 | 8,0 | 19 275 | 9,1 | 18,39 |
| аннуитеттік сақтандыру | 17 593 | 8,6 | 12 945 | 6,1 | -26,42 |
| өмірді сақтандыру | 14 795 | 7,2 | 22 656 | 10,7 | 53,13 |
| жазатайым жағдайлардан сақтандыру | 4 827 | 2,4 | 6 098 | 2,9 | 26,32 |
| Ерікті мүлдіктік сақтандыру, оның ішінде: | 105 214 | 51,5 | 96 458 | 45,5 | -8,32 |
| мүлдікті сақтандыру | 51 148 | 25,0 | 50 102 | 23,6 | -2,05 |
| азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру | 30 215 | 14,8 | 22 295 | 10,5 | -26,21 |
| басқа қаржы шығындарынан сақтандыру | 2 418 | 1,2 | 3 642 | 1,7 | 50,57 |
| автомобиль көлігін сақтандыру | 7 872 | 3,9 | 9 538 | 4,5 | 21,16 |
| жүктерді сақтандыру | 3 432 | 1,7 | 2 194 | 1,0 | -36,08 |
| ерікті мүлдіктік сақтандырудың басқа сыныптары | 10 128 | 5,0 | 8 688 | 4,1 | -14,22 |

*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

3-график. Тоқсан үшін сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы

млрд. теңге



*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

| Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі | 01.07.2017 | | 01.07.2018 | | Өзгер., %-бен |
|--|------------|--------------------|------------|--------------------|---------------|
| | млн. теңге | жиын-тығында %-бен | млн. теңге | жиын-тығында %-бен | |
| Сақтандыру салалары бойынша барлығы | 204 439 | 100,0 | 212 063 | 100,0 | 3,73 |
| Өмірді сақтандыру | 32 388 | 15,8 | 35 601 | 16,8 | 9,92 |
| Жалпы сақтандыру | 172 051 | 84,2 | 176 462 | 83,2 | 2,56 |

*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген


4-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы

млрд. теңге




*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

5-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



6-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %




VI. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы және қайта сақтандырушының өтемдері

| Сақтандыру сыйлықақылары | 01.07.2017 | | 01.07.2018 | | Өзгер., %-бен |
|---|---------------|--------------|---------------|--------------|---------------|
| | млн. теңге | %-бен | млн. теңге | %-бен | |
| Барлығы қайта сақтандыруға берілді, оның ішінде | 75 157 | 100,0 | 60 345 | 100,0 | -19,71 |
| бейрезиденттерге | 65 578 | 87,3 | 50 330 | 83,4 | -23,25 |
| резиденттерге | 9 579 | 12,7 | 10 015 | 16,6 | 4,56 |
| Қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған тәуекелдер бойынша өтем, оның ішінде | 4 376 | 100,0 | 4 706 | 100,0 | 7,54 |
| Бейрезиденттерден | 3 168 | 72,4 | 3 965 | 84,2 | 25,15 |
| Резиденттерден | 1 208 | 27,6 | 742 | 15,8 | -38,62 |
| Барлығы бейрезиденттерден қайта сақтандыруға қабылданды | 11 462 | | 14 691 | | 28,18 |

7-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, %



VII. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ


7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

| Сақтандыру төлемдері | 01.07.2017 | | 01.07.2018* | | Өзгер., %-бен |
|---|---------------|---------------------------|---------------|---------------------------|------------------|
| | млн. теңге | жиын- тығында %-бен | млн. теңге | жиын- тығында %-бен | |
| Барлығы, оның ішінде: | 38 525 | 100,0 | 37 639 | 100,0 | -2,3 |
| Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде: | 14 910 | 38,7 | 14 625 | 38,9 | -1,9 |
| көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі | 12 422 | 32,2 | 12 130 | 32,2 | -2,4 |
| қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру | 2 422 | 6,3 | 2 443 | 6,5 | 0,9 |
| өзге сыныптар | 65 | 0,2 | 52 | 0,1 | -20,7 |
| Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде: | 16 566 | 43,0 | 16 031 | 42,6 | -3,2 |
| ауырған жағдайлардан сақтандыру | 8 855 | 23,0 | 8 421 | 22,4 | -4,9 |
| аннуитеттік сақтандыру | 6 506 | 16,9 | 6 239 | 16,6 | -4,1 |
| өмірді сақтандыру | 945 | 2,5 | 898 | 2,4 | -4,9 |
| жазатайым жағдайлардан сақтандыру | 261 | 0,7 | 473 | 1,3 | 81,7 |
| Ерікті мүлдіктік сақтандыру, оның ішінде: | 7 049 | 18,3 | 6 983 | 18,6 | -0,9 |
| автомобиль көлігін сақтандыру | 3 084 | 8,0 | 2 729 | 7,3 | -11,5 |
| өзге қаржы шығындарынан сақтандыру | 4 | 0,0 | 26 | 0,1 | 572,6 |
| мүлдікті сақтандыру | 1 369 | 3,6 | 2 862 | 7,6 | 109,1 |
| азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру | 448 | 1,2 | 208 | 0,6 | -53,5 |

* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген, - 11,1 млрд. теңге


8-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы

млрд. теңге



* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген

9-график. Сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына арақатысы



*сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтандыру шарттары б-ша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескерумен көрсетілген

**сақтандыру төлемдері қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген

VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары

| Кіріс пен шығыс | 01.07.2017 | | 01.07.2018 | | Өзгер., %-бен |
|--|----------------|--------------|----------------|--------------|------------------|
| | млн. теңге | %-бен | млн. теңге | %-бен | |
| Сақтандыру қызметінен түскен кірістер | 130 544 | 86,2 | 133 579 | 75,2 | 2,3 |
| Инвестициялық қызметтен түскен кірістер | 19 573 | 12,9 | 41 462 | 23,4 | -111,8 |
| Өзге кірістер | 1 293 | 0,9 | 2 526 | 1,4 | -95,4 |
| Кірістер жиынтығы | 151 411 | 100,0 | 177 568 | 100,0 | 17,3 |
| Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар | 38 487 | 31,7 | 42 598 | 33,1 | 10,7 |
| Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстары | 21 736 | 17,9 | 27 400 | 21,3 | 26,1 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 32 911 | 27,1 | 36 138 | 28,0 | 9,8 |
| Өзге шығыстар | 66 828 | 55,0 | 65 319 | 50,7 | -2,3 |
| Шығыстардың жиынтығы | 121 476 | 100,0 | 128 857 | 100,0 | 6,1 |
| Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын) | 29 935 | | 48 711 | | 62,7 |
| Корпоративтік табыс салығы | 4 698 | | 4 241 | | -9,7 |
| Салық төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын) жиынтығы | 25 237 | | 44 471 | | 76,2 |

IX. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУЫ

9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

| Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері | 01.07.2017 | 01.01.2018 | 01.07.2018 |
|---|------------|------------|------------|
| ЖІӨ, млрд. теңгемен ¹ | 45 732,0 | 51 855,3 | 51 855,3 |
| Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен | 1,90 | 1,72 | 1,92 |
| Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен | 0,85 | 0,77 | 0,84 |
| Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен | 0,44 | 0,71 | 0,41 |
| Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен ² | 11 380,5 | 20 387,3 | 11 605,7 |

10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, %

| Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, % | 01.07.2017 | 01.01.2018 | 01.07.2018 |
|---|------------|------------|------------|
| Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының активтері | 75,0 | 75,4 | 77,1 |
| Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының меншікті капиталы | 77,1 | 76,6 | 78,1 |
| Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйлықақылары | 61,3 | 59,9 | 66,3 |
| Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері | 58,4 | 57,3 | 60,5 |

X. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Сақтандыру брокерлері **активтерінің** жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 4 786 млн. теңге (2018 жылғы 1 сәуірінде - 5 027 млн. теңге), 2018 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша кемуі – 4,79%.

Сақтандыру брокерлерінің **міндеттемелері** 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2 329 млн. теңге (2018 жылдың 1 сәуірінде – 2 539 млн. теңге), 2018 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша кемуі – 8,26%.

Сақтандыру брокерлерінің жиынтық **меншікті капиталы** 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2 457 млн. теңге (2018 жылдың 1 сәуірінде - 2 489 млн. теңге), 2018 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша кемуі – 1,25%.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 01.07.2018 ж. ҚР халқының саны 18 272 мың адам болды.